Бекітемін
ЖК «Ақниет» «Ақ ниет»
балабақшасының меңгерушісі
Н.Д. Джубаниязова

2026-2027 оқу жылының жалпы ата-аналар жиналысының кестесі

Мақсаты: ата-аналардың педагогикалық мәдениетін көтеру. Отбасылық тәрбиені іске асыруда психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету.Балаларды тәрбиелеу міндетін бірлесіп шешуге тарту.

№	Тақырыбы	Түрі	Мерзімі	Жауапты
1	А) Отбасылық төлқұжаттарды жабдықтау. Ә)Ата-аналармен бөбекжай арасында электронды келісім-шарт жасасу. Б) «Балаңыз балабақшаға қалай бейімделуде?»	Ата-аналар туралы мәліметтер жинау. жаңадан қабылданған балалардың ата-аналарымен сауалнама жүргізу.	Тамыз-Қыркүйек	Меңгеруші, Медбике Педагог-психолог
2	**«Мейірім мен махаббатқа толы орта- бақытты бала кепілі»** **Күн тәртібі:** «Амандасу» ата-аналарға арналған тренингі. Мақсаты: бөбекжай мен ата-аналар арасында өзара қарым-қатынасын жақсарту. Ұжымдыққа, достыққа, сыйластыққа баулу. Бір-біріне жылы лебіздерін білдіру. 1.« Мектепке дейінгі білім беру жүйесінің мәселелерін шешудегі кешенді тәсіл" 1. «Дені сау ұрпақ-ел болашағы» Балабақшадағы төлемақы туралы «Бөбекжайға тәрбиеленушілердің бейімделуінің көрсеткіші» мониторинг	Жалпы ата-аналар жиналысы	қыркүйек	Меңгеруші Медбике Бөбекжай әдіскері Педагог-психолог есепші

	Сауалнама: Баланың балабақшаға бейімделуі. Педагог-психолог Кеңес: Ата-ана үшін «Баланың балабақшаға тез бейімделу ерекшеліктері» Ата-аналар төрайымы мен мүшелерін тағайындау. Әртүрлі мәлеселер			
3	**Тақырыбы: « Адал азамат тәрбиелеудегі жауапты ата- ана, қолдаушы педагог және қауіпсіз білім мен тәрбие мекені»** Тақырыбы: Ата- аналарды топ өмірімен, оқу- тәрбие үдерісімен таныстыру, бірлескен жұмыстың бағытын айқындау.	Топтық ата-аналар жиналысы	қыркүйек	Меңгеруші Медбике Бөбекжай әдіскері Н.К.Ишангалиева Педагог-психолог,
	Ашық есік күні: «Бақытты балалық шаққа саяхат»	Ашық есік күні кіріктірілген ұйымдастырылған іс-әрекет (ҰІӘ) зерттеу, тәжірибе, шығармашылық, танымдық-зияткерлік.	Қараша	Ересек топ тәрбиешілері, мамандар, жетекшілер
4	**«Бала дамуы- бірлескен еңбектің нәтижесі» Мақсаты:** Балалардың даму деңгейін, жетістіктерін талдау және тәрбие мен оқытудағы ата-ана қолдауын күшейту.	Топтық ата-аналар жиналысы.	Желтоқсан	Меңгеруші Медбике Педагог-психолог, Бөбекжай әдіскері Топ тәрбиешілері.
	Ашық есік күні: «Ойнап үйренеміз, үйреніп ойнаймыз»	Ашық есік күні кірікітірілген (ҰІӘ)	Қаңтар	Ортаңғы және кіші топтардың тәрбиешілері, музыка жетекшілері
	Ашық есік күні: «Болашаққа бастар жол-жаңа технологиялармен»	Ашық есік күні кірікітірілген (ҰІӘ)	Ақпан	Ересек, ортаңғы тәрбиешілері, дене шынықтыру нұсқаушысы.
5	**«Адалдық пен әдептілік-тұлға тәрбиесінің бастауы» Мақсаты:** Баланың бойында адалдық, әдептілік, мейірімділік сияқты рухани-	Жалпы ата-аналар жиналысы	Сәуір	Меңгеруші Медбике Бөбекжай әдіскері Педагог-психолог

	адамгершілік қасиеттерді қалыптастыруда отбасы мен балабақшаның бірлескен жұмысының маңызын арттыру. Баяндама: «Адалдық пен әдептілік – рухани тәрбиенің өзегі» Видеоролик көрсету: «Адал болу – әркімнің міндеті» (қысқа бейнебаян немесе слайд) Топтық жұмыс: «Адалдық деген не?» (ата-аналармен сұрақ-жауап, мысал келтіру) Тренинг-ойын: «Жақсы мен жаман іс» (жағдайларды талдау арқылы дұрыс мінез қалыптастыру) Пікір алмасу: Отбасындағы әдептілік пен сыйластық дәстүрлері туралы ой бөлісу.Әңгіме-сұхбат Қорытынды: ұсыныстар мен шешім қабылдау.			
	Ашық есік күні: «Балабақшадағы бір күнім»	М.Монтессори технологиясы-дамытушы орта	Сәуір	педагог-психолог
6	**«Біздің жетістіктеріміз-ортақ қуаныш»** **Мақсаты:** 1.Стандарт талабы негізінде тәрбиеленушілердің білім білік игерген дағдылары, білім деңгейлері 2. Жедел ішек инфекциясының алдын алу 3.Балаңыз мектепке дайын ба? 4.Жазғы сауықтыру жұмыстары	Топтық ата-аналар жиналысы Кеңес сауалнама	Мамыр	Медбике Педагог-психолог; Бөбекжай әдіскері; Топ тәрбиешілері

№1 Жалпы ата-аналар жиналысының хаттамасы

Тақырыбы: **«Мейірім мен махаббатқа толы орта – бақытты бала кепілі»**

Күні: «23» қыркүйек 2026 жыл
Қатысқаны: 32 ата-ана
Қатыспағаны: 5

Күн тәртібі:

1. «Амандасу» ата-аналарға арналған тренингі. «Мектепке дейінгі білім беру жүйесінің мәселелерін шешудегі кешенді тәсіл» тақырыбында ақпарат беру.
2. «Дені сау ұрпақ – ел болашағы» тақырыбында балалардың денсаулығын сақтау және нығайту мәселелері. Балабақшадағы төлемақы туралы.
3. «Бөбекжайға тәрбиеленушілердің бейімделуінің көрсеткіші» мониторингі. «Баланың балабақшаға бейімделуі» тақырыбында сауалнама жүргізу. Ата-аналарға кеңес: «Баланың балабақшаға тез бейімделу ерекшеліктері».
4. Ата-аналар төрайымы мен мүшелерін тағайындау.
5. Ағымдағы мәселелер.

Бірінші мәселе бойынша

«Амандасу» ата-аналарға арналған тренинг. «Мектепке дейінгі білім беру жүйесінің мәселелерін шешудегі кешенді тәсіл»

Тыңдалды:

Жиналысты меңгеруші Н.Д.Джубаниязова ашып, ата-аналарды жаңа оқу жылымен құттықтады.

Меңгеруші өз сөзінде бала тәрбиесінде отбасы мен бөбекжай арасындағы өзара түсіністік пен ынтымақтастықтың маңызы зор екенін атап өтті. Педагог пен ата-ана арасында жылы қарым-қатынас орнаған жағдайда баланың өзін қауіпсіз әрі жайлы сезінетініне тоқталды.

Жиналыстың алғашқы бөлігінде ата-аналарға «Амандасу» тренингі ұйымдастырылды.

Тренингтің мақсаты – ата-аналардың бір-бірімен танысуына жағдай жасау, бөбекжай мен ата-аналар арасындағы өзара қарым-қатынасты жақсарту, ұжымдыққа, достыққа, сыйластыққа тәрбиелеу және бір-біріне жылы лебіз білдіру.

Тренинг барысында ата-аналар бір-біріне жылы сөздер айтып, жақсы тілектер білдірді. Қатысушылар өзара пікір алмасып, жағымды көңіл күй қалыптастырды.

Тренинг соңында ата-аналарға баланың жақсы көңіл күйі мен эмоционалдық жағдайына отбасыдағы және бөбекжайдағы жағымды қарым-қатынастың әсері зор екені айтылды.

Сөз сөйледі:

Б.К.Нысанова ата-ана мен педагог арасындағы сенімді қарым-қатынастың бала тәрбиесінде маңызды орын алатынын атап өтті.

Ә.О.Сихова тренингтің ата-аналардың бір-бірімен жақынырақ танысуына және жылы қарым-қатынас орнатуына мүмкіндік бергенін айтты.

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша бөбекжай әдіскері Б.К.Нысанова сөз сөйледі.

Әдіскер мектепке дейінгі кезең баланың тұлғалық қалыптасуының маңызды кезеңдерінің бірі екенін атап өтті. Баланың дамуы мен тәрбиесін қамтамасыз ету үшін педагог, ата-ана және мамандардың бірлескен жұмысы қажет екеніне тоқталды.

Тәрбиелеу-білім беру процесінде баланың жас және жеке ерекшеліктерін ескеру, оның қызығушылығын қолдау, қауіпсіз әрі қолайлы орта қалыптастыру және ата-анамен тұрақты байланыс орнату маңызды екені айтылды.
Әдіскер ата-аналарға бөбекжайдағы тәрбиелеу-білім беру жұмыстарына белсенді қатысып, педагогтермен өзара пікір алмасып отыруды ұсынды.

Екінші мәселе бойынша

«Дені сау ұрпақ – ел болашағы». Балабақшадағы төлемақы туралы

Тыңдалды:

Балалардың денсаулығын сақтау және нығайту мәселесі бойынша медбике сөз сөйледі.
Медбике мектепке дейінгі жастағы балалардың денсаулығына күнделікті көңіл бөлу қажеттігін атап өтті. Баланың дұрыс тамақтануы, күн тәртібін сақтауы, таза ауада серуендеуі, жеткілікті қимыл-қозғалыста болуы және жеке бас гигиенасын сақтауы денсаулықты нығайтудың негізгі шарттары екені түсіндірілді.
Ата-аналарға баланың денсаулық жағдайындағы өзгерістерді педагогтерге уақытылы хабарлау, баланы маусымға сай киіндіру және үй жағдайында да дұрыс күн тәртібін қалыптастыру ұсынылды.
Сонымен қатар балалар арасында жұқпалы аурулардың алдын алу мақсатында тазалық талаптарын сақтау, қолды жиі жуу және баланың денсаулығына жауапкершілікпен қарау қажеттігі ескертілді.

Сөз сөйледі:

А.Е.Бектасова ата-аналарға баланың денсаулығын сақтауда отбасы мен бөбекжайдың бірлескен жұмысының маңыздылығын атап өтті.
Күн тәртібіндегі мәселе бойынша есепші ата-аналарға бөбекжайдағы төлемақы мәселесі бойынша түсіндірме берді.
Ата-аналарға тәрбиеленушілердің тамақтануына және бөбекжай қызметіне байланысты төлем жасау тәртібі, төлемді уақытында жүргізудің маңыздылығы түсіндірілді.
Төлемақыға қатысты ата-аналардың сұрақтарына жауап беріліп, төлем құжаттарын сақтау және белгіленген мерзімдерді ескеру қажеттігі айтылды.

Үшінші мәселе бойынша

«Бөбекжайға тәрбиеленушілердің бейімделуінің көрсеткіші» мониторингі. «Баланың балабақшаға бейімделуі» сауалнамасы. Ата-аналарға кеңес: «Баланың балабақшаға тез бейімделу ерекшеліктері»

Тыңдалды:

Педагог-психолог Ә.О.Сихова жаңадан қабылданған тәрбиеленушілердің бөбекжайға бейімделу көрсеткіштері бойынша жүргізілген мониторинг нәтижелері туралы ақпарат берді.
Мониторинг барысында балалардың жаңа ортаға, педагогтерге және құрдастарына бейімделу ерекшеліктері қарастырылғаны айтылды.
Педагог-психолог әр баланың бейімделу кезеңі әртүрлі өтетінін, кейбір балалардың жаңа ортаға тез үйренсе, кейбір балаларға көбірек уақыт қажет болуы мүмкін екенін түсіндірді.
Бейімделу кезеңінде баланың эмоционалдық жағдайын бақылау, педагогтер мен ата-аналардың бірлесіп жұмыс жасауы және балаға қолайлы психологиялық орта қалыптастыру маңызды екені атап өтілді.
Педагог-психолог Ә.О.Сихова ата-аналарға «Баланың балабақшаға бейімделуі» тақырыбында сауалнама жүргізудің мақсаты туралы түсіндірді.

Сауалнама арқылы ата-аналардың баланың балабақшаға бейімделуі туралы пікірін анықтау, баланың көңіл күйіндегі өзгерістерді бақылау және қажет болған жағдайда психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету көзделетіні айтылды.
Ата-аналар сауалнама сұрақтарына жауап беріп, балалардың балабақшаға бейімделуі туралы өз пікірлерін білдірді.
Педагог-психолог Ә.О.Сихова ата-аналарға баланың балабақшаға бейімделуін жеңілдетуге арналған кеңестер берді.
Ата-аналарға баламен балабақша туралы жағымды әңгімелесу, таңертең қоштасуды ұзаққа созбау, баланы балабақшаға тұрақты әкелу, оның күн тәртібін сақтауға көмектесу және педагогтермен үнемі байланыста болу ұсынылды.
Сонымен қатар бала балабақшаға барудан бас тартқан жағдайда оны ұрыспай, сабырмен сөйлесу, баланың сезімін түсінуге тырысу және педагогпен бірлесіп мәселені шешу қажеттігі түсіндірілді.
Ата-аналарға баланың бейімделу кезеңінде оны басқа балалармен салыстырмау, жетістіктерін атап өту және әрбір кішкентай қадамын қолдау ұсынылды.

Төртінші мәселе бойынша

Ата-аналар төрайымы мен мүшелерін тағайындау

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша меңгеруші Н.Д. Джубаниязова ата-аналар комитетін құрудың мақсатына тоқталды.
Ата-аналар комитетінің негізгі міндеті – ата-аналар мен бөбекжай арасындағы байланысты нығайту, ата-аналардың қоғамдық жұмыстарға қатысуына ықпал ету және ортақ мәселелерді бірлесе талқылау екені түсіндірілді.
Ата-аналар арасынан комитет төрайымы мен мүшелерін сайлау ұсынылды.
Ата-аналар комитетінің төрайымы: Сауырбаева С.Н
Комитет мүшелері:

1. Хамитова.Н.Р
2. Камалова А.Н.
3. Ибрашева М.М

Ата-аналар ұсынылған кандидатураларды талқылап, өз келісімдерін білдірді.

Бесінші мәселе бойынша

Ағымдағы мәселелер

Ата-аналар тарапынан бөбекжайдың күн тәртібі, балалардың тамақтануы, бейімделу кезеңі, педагогтермен қарым-қатынас және тәрбиеленушілердің қауіпсіздігіне қатысты сұрақтар қойылды.
Қойылған сұрақтарға меңгеруші, әдіскер, медбике, педагог-психолог және есепші тарапынан тиісті түсіндірмелер берілді.
Ата-аналар өз ұсыныстары мен пікірлерін білдіріп, бөбекжай ұжымымен бірлесіп жұмыс жасауға дайын екендіктерін айтты.

Қаулы етті:

1. «Мектепке дейінгі білім беру жүйесінің мәселелерін шешудегі кешенді тәсіл» бойынша педагогтер, ата-аналар және мамандардың бірлескен жұмысы жүйелі түрде ұйымдастырылсын. Тәрбиелеу-білім беру процесінде баланың жас және жеке ерекшеліктері ескеріліп, оның қызығушылығын қолдауға, қауіпсіз әрі қолайлы орта қалыптастыруға және ата-анамен тұрақты байланыс орнатуға көңіл бөлінсін.
2.«Дені сау ұрпақ – ел болашағы» бағыты бойынша балалардың денсаулығын сақтау және нығайту мақсатында дұрыс тамақтану, күн тәртібін сақтау, таза ауада серуендеу, жеткілікті қимыл-қозғалыста болу, жеке бас гигиенасын сақтау және қауіпсіздік талаптарын орындау бойынша ата-аналармен түсіндіру жұмыстары

жалғастырылсын. Бөбекжайдағы төлемақы мәселесі бойынша ата-аналарға берілген түсіндірмелер назарға алынсын, төлемдерді белгіленген мерзімде жүргізу және төлем құжаттарын сақтау ұсынылсын.

3.«Бөбекжайға тәрбиеленушілердің бейімделуінің көрсеткіші» мониторингінің нәтижелері назарға алынсын. Жаңадан қабылданған тәрбиеленушілердің бөбекжайға, жаңа ортаға, педагогтерге және құрдастарына бейімделу барысы педагог-психолог, тәрбиешілер және ата-аналар тарапынан бірлесіп бақылауда болсын. «Баланың балабақшаға бейімделуі» сауалнамасының нәтижелері ескеріліп, қажет болған жағдайда жеке кеңес беру және психологиялық-педагогикалық қолдау жұмыстары жүргізілсін.

4.Ата-аналар комитетінің төрайымы мен мүшелері ата-аналардың ұсыныстары негізінде тағайындалып, бекітілсін. Ата-аналар комитеті мен бөбекжай ұжымы арасындағы байланысты нығайту, ата-аналардың қоғамдық жұмыстарға қатысуына ықпал ету және ортақ мәселелерді бірлесе талқылау жұмыстары жүргізілсін.

5.Ағымдағы мәселелер бойынша ата-аналар тарапынан қойылған сұрақтар мен айтылған ұсыныстар назарға алынсын. Ата-аналардың ұсыныстары алдағы жұмыстарды ұйымдастыру барысында ескерілсін.

Төрағасы: **Н.Д. Джубаниязова**

Хатшы: **Ә.О.Сихова**